

Б. Е. Колумбаев, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия ғылымдарының докторы, профессор;
М. М. Шуматова, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КЕҢІСТІГІНДЕ БІРЕГЕЙЛІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада ұлттық этникалық, азаматтық бірегейліктің айырмашылықтары талданады.

Түйін сөздер: ұлттық бірегейлілік, этникалық бірегейлілік, азаматтық бірегейлілік.

Жаһандану бүгінгі таңда жалпы дүниежүзілік процесс болып табылады. Жаһандану кезеңінде Қазақстан өзінің ұлттық және мемлекеттік бірегейлігін (идентичності) сақтап қалу мәселесі туындайды. Осы арқылы мемлекетіміз әлемдік ұйымдарда өз орнын сақтап, нығайта алу мүмкіндігіне ие болады. Бұл дегеніміз жаһандану кезеңінің барлық жағдайларына көне бермеу керек, яғни Қазақстан тікелей өз даму стратегиясын жүргізуі қажет. Сонда ғана ұлттық және мемлекеттік бірегейлігімізді сақтап қала аламыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ұлттық-мемлекеттік құрылысында екі бағыт айқын анықталды. Бірақ, оларды зерттемес бұрын біз «ұлт», «этнос» және тағы басқа ұғымдардың мәнін және мазмұнын ашып, анықтап алуымыз керек.

Этнос және ұлт — әртүрлі әлеуметтік құбылыстар. Ю. М. Бородай олардың айырмашылығын жақсы көрсете білді. Этностық қауымның спецификасы адамның антропогенетикалық ерекшелігіне негізделеді. Сондықтан да этникалық «табиғи» қауымның дамуы ешқандай мемлекет басқаруын қажет етпейді. Керісінше, ұлт — мемлекет пен азаматтық қоғамның жемісі болып табылады. Егер этноста

адамдардың арақатынасы әдет-ғұрып арқылы реттелсе, ұлттық қауымда бұл қатынастарды құқық реттейді. «Ұлттың ең негізгі қасиеті оның алғашқы табиғаты полиэтникалық немесе жоғары этникалық болып келуінде. Егер де тайпаны «праэтнос» деп санасак, онда ұлт этностан кейінгі болып саналады»¹.

Ұлт жайлы түсінік әртүрлі мағынада түсіндіріледі. Біріншіден, англо-америкалық дәстүр бойынша «мемлекет-ұлт» мағынасында түсіндіріледі. Екіншіден, экономикалық, саяси дамуы барысында ортақ тіл мен мәдениеттің негізінде қалыптасқан адамдардың қауымы («неміс мектебі», ұлттың марксистік түсінігі).

«Ұлт» ұғымына қатысты этникалық бағыт XIX ғасыр аяғында неміс мектебінде пайда болды. ТМД құрамына кіретін елдерде этникалық бағыт кеңестік топтастыру кезеңдеріне сүйенеді: «ру — тайпа — елдік — халық — ұлт». Осы топтастыру көпсатылы иерархияда социалистік ұлттар (орыстар, украиндар, қазақтар және т. б., «квазимемлекеттілігі» кеңестік республика арқылы жүзеге асырылған), халықтар (татарлар, башқұрттар, якуттар және т. б., квазимемлекеттік автономды республикалар арқылы жүзеге асырылды) және елдіктер (хантылар, мансилер, ненцылар және т. б., жер автономиялары облыс, аймақ, аудан арқылы жүзеге асырылған). Үшіншіден, өзіндік бірегейлілік ұстанымы жиі қолданылады. Бірегей этникалық өзіндік санасы арқылы адамдар өздерін белгілі бір топқа жатқызады. Осы айтылған көзқарастар ұлттың ерекшеліктерін және дербестігін қоғамдық құбылыс ретінде бейнелейді. Бірақ, М. Н. Руткевичтің пікірі бойынша, ұлт ұғымын зерттеу барысында ұлттың пайда болуы, дамуы және қалыптасу үдерісін әлеуметтік шындық ретінде қарастырып, тарихи даму процесс арқылы ашып көрсету керек.

Этнократтар әрдайым бірінші бағытты ұстанып, ұлттың англо-американдық моделіне сүйене отырып, мемлекет пен ұлтты теңестіреді және ұқсастырады. Осы ұстанымдар БҰҰ-ның құжаттарында жүзеге асырылып жатыр. Ұлттың бірінші түсінігі АҚШ-та, Батыс Еуропа елдерінің көбісінде қолданыс тапса, онда басқа елдерде, олардың ішінде, Ресей мен Қазақстанда бұл түсінік жарамсыз болып келеді².

Ұлт ұғымына қатысты сын пікірлердің туындауына байланысты қазіргі саяси тәжірибеде сандық құрамына, мәдениеттің, тілдің даму сатысына, мемлекеттің және шекараның болуына қарамастан «халық» деген ұғым кең қолданыс тапты. Бұл дегеніміз ұлттар, этникалық топтар, елдер барлығы бірдей саяси-құқық мәртебесіне ие болады.

Орыс тілді жұртшылықтың Ресейге жер аударуының салдарынан Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата заңында этнократиялық бағыт саяси-шекаралық бағытпен алмастырылды. Ұлттың этникалық моделінен азаматтық моделге көңіл аударылды. Осы уақыттан бастап Қазақстан Республикасының субъектісі «қазақстандық халық» болып есептеледі. 1995 жылдың Ата заңында жалпы азаматтық ұстанымдар этникалық ұстанымдарға қарағанда бірінші орында тұр. Заңнамада ұлттық немесе діни партиялардың құрылуына тыйым салынды. 1995 жылдың Конституциясы ұлт-мемлекет негізін салып, қазіргі демократияның түсінігін қалыптастырды. Жалпы азаматтық аспектіге көңіл бөлмей, сын пікір білдірушілер 1995 жылдың Конституциясы 1993 жылдың Конституциясымен салыстырғанда демократиялық ұстанымдары кең таралған жоқ деп тұжырымдады³.

Қазақстандық қоғамның бірлігі идеясы Қазақстан Республикасының егемендігінің және тәуелсіздігінің саяси негізі болып табылады. Осыған орай келесі жайтқа көңіл аудару қажет. Көптеген философтардың, саясаттанушылардың және саясаткерлердің пікірі бойынша көпэтникалық қоғамда бірегей ұлтты қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені адамдардың этникалық бірегейлілігі мемлекеттік бірігейліліктен және өзге этникалық топтардың өкілдерінен жоғары бағаланып тұр. Олардың ойы бойынша Қазақстанда тек бір ғана ұлт бар. Оның құрамын қазақ ұлты құрайды. Ал қалған халықтар Қазақстанда диаспора болып саналады. Сондықтан да Қазақстан Республикасының ұлттық идеясы қазақтың ұлттық идеясы немесе ұлттық қазақ идеясы болып табылады. Осы бағыттың нәтижесінде тамырлы этнос қоғамда және ғылымда титулдық ұлт деген атаққа ие болады. Ұлттық сұрақ бойынша әдебиетте бұндай бағытты «ұлттың этномәдени түсінігі» деп атайды.

Өзге ұстанымды қолдайтын адамдардың ойынша ұлттық идея көп этникалық мемлекетте тек бір халықтың идеясы бола алмайды. Қазақстанда ұлттық идея жалпы ұлттық болуы тиіс. Бұл идея адамдардың этникалық топтасуына қарамастан мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіруге арналған. Тұтас халықтың жалпы негізі қазақстандық азаматтылық болып табылады. Қазіргі этносаясаттануда аталмыш бағыт «азаматтық ұлт» деп аталады. Бүгінгі таңда ұлттық идеяны түсіндіруде осы екі бағыт басты болып саналады. Ескере кететін жайттардың бірі этномәдени және азаматтық бағыттарда ұлттық идеяны түсіндіру барысында қарама-қайшылықтар бар. Осы себептен қазіргі мемлекеттердің алдында келесі сұрақ туындап отыр: ұлттың және ұлттық идеяның азаматтық пен этномәдени бағыттарының арасында жатқан қарама-қайшылықтардың шешілу жолын табу.

Әртүрлі мемлекеттердің ұлттық құрылысының тәжірибесінің көрсетуі бойынша осы қайшылықтарды шешу барысында «немесе-немесе» бағытынан «және-және» принципі кең қолданыс тапты. Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының қалыптасу жолында ұлт түсінігінің аталмыш екі бағыты — азаматтық және этномәдени қолданылуы тиіс⁴.

Қазақстанда осы екі концепциялардың арасындағы қайшылықтар қалай шешімін табады деген сұрақ туындайды.

Бұл тәсіл доминантты қазақ этносында тұтас халықты азаматтық қоғамда қалыптастыру болып табылады. Осы ұлтты қалыптастыратын тәсілді белгілі этносаясаттанушы Энтони Смит «доминантты этнос» моделі деп атайды⁵.

Қазақстанда мультиэтникалық қоғам ретінде ұлттың этномәдени және азаматтық концепцияларының екеуі де объективтік қажеттілік ретінде жүзеге асырылуда. Егер де аталмыш концепциялардың біреуі объективті бағаланбаса, онда еліміздің ұлттық кеңістігіне зиянды әсер тиеді.

Азаматтық ұлт идеясы, біріншіден, қоғамның тұрақтылығына және ішкі қауіпсіздігіне жол ашады. Азаматтық ұлттың этникааралық ұжым ретінде қалыптасуы этникалық топтардың қайшылықтарын жұмсартып, азайтуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, Қазақстанда азаматтық ұлтты қалыптастыру барлық қазақстандықтардың бірегейлілігіне жақсы жақтан әсер етеді. Олардың этникалық топтасуына қарамастан барлығы Қазақстан Республикасын өзінің елі, Отаны деп санайды.

Үшіншіден, Қазақстандағы азаматтық ұлттың қалыптасуының нәтижесі пісіп-жетілген азаматтық қоғам болуы тиіс. Азаматтық ұлт және азаматтық қоғам бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірінің өмір сүре алмайды.

Ұлттың этномәдени концепциясының қажеттілігі келесі себептермен айқындалады: біріншіден, Мемлекет құрушы қазақ этносында Қазақстандық халықтың ұлттық құрылысының моделі туындаса, онда өз-өзімен азаматтық ұлттық құрамында олардың айрықша орны айқындалады.

Екіншіден, біздің еліміздегі қалыптасып келе жатқан конституциондық бекітілген халықтың сипатын есепке алу қажет. Мәселе мынада, қазақстандық халықты өзінің тарихи қалыптасқан әлеуметтік формасы бойынша эмигранттық ұлт қатарына жатқызуға болмайды (мысалы, Америкада, Австралияда және әлемнің кейбір елдерінде), Қазақстанда ұлттың этникалық және тарихи алғышарттары мен тамырлары анық және айқын көрініп тұр. Бұл қазақтарға тікелей қатысы бар. Осы этнотарихи аспект қазақстандық халықтың даму жолындағы жалпы ұлттық сипатқа ие болуы тиіс.

Үшіншіден, этномәдени аспект Қазақстанның жалпы ұлттық идеясының әдіснамалық концепциясын құруында орасан зор орын алады. Бұл концепция ұлттық идеяға конструктивтік, шығармашылық көзбен қарауға мүмкіндік береді. Біздің ойымызша, ұлттың азаматтық концепциясында конструктивтік бағытты да тым асырудың қажеті жоқ.

Кеңес заманынан кейінгі қазақстандықтардың өзіндік бірегейлілік үдерісі бүгінгі күнге дейін аяқталды деп айтуға болмайды. Еліміз болашақта өзінің тарихи қалыптасып келе жатқан ұлттық келбетін сақтап қана қоймай, сонымен қатар тең құқылы дәрежеде өзге елдермен жаһандану үдерісіне кіруі қажет.

¹ Бородай Ю. М. От фантазии к реальности (происхождение нравственности). — М., 1994. — С. 422, 424.

² Тощенко Ж. Т. Этнократия. История и современность. — М., 2003. — С. 434.

³ Сарсенбаева З. Н. Этнос и ценности. — Алматы, 2009. — С. 235.

⁴ Бальшикеев С. Б. Социально-политические аспекты идеи казахстанского патриотизма // Саясат. — 2007. — № 8. — С. 37.

⁵Выступление Президента РК Н. Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народа Казахстана!// Казахстанская правда. 2006.25 окт.

Резюме

В статье раскрываются системообразующие принципы сохранения, формирования и развития гражданской, этнической и национальной идентичности в процессе вхождения Республики Казахстан в процесс глобализации.

Resume

To substantiate understanding of free time as a basis for building human capital of the new formation that could have a significant influence on the further development of sovereign Kazakhstan.